

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Бір сәт саяхаттап шыққанда..

ЖАРИЯЛАНДЫ  
17.04.2021СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/93970/>

Адам баласы үнемі қимыл-қозғалыс үстінде жүреді. Бір күннің өзі әрекетсіз өтпейтіні белгілі. Бірі үй шаруасы, бірі жұмыс, енді бірі оқу, бірі мал шаруасы, т.б. Міне, осындай қым-қуыт қарбаластан бір сәт қол үзіп, өзін мәдени-танымдық тұрғыдан жетілдіру мақсатында өлкелерге саяхат жүргізіп, сол жердің ғажайыптарына қанық болудың өзі бір ғанибет.

Қазақстанның кез келген жері тылсым құпияға толы, тарихи жәдігерлерге бай, әлемнің жеті кереметінен асып түсер кереметке лайық. Біз осындай ғажап өлкелерге саяхатқа шығып, кейінгі жас буынға құпия болып жатқан құндылықтарымызды, тасада жатқан тамаша жерлерімізді насихаттай аламыз. Сондықтан біз, Мұнайлы ауданының №10 жалпы білім беретін мектебінің педагогтерінен құрылған «Барыс» тобы, маңғаз Маңғыстау өлкесінің тамаша жерлеріне саяхатқа шықтық.

Қарақия ойпатынан басталған бұл сапарымыз сол жердің ойдым-ойдым болып әсерлі көрініс беретін жерлерімен қызықты болды. «Қарақия» ойпаты туралы білмейтін жан жоқ шығар деп ойлаймыз.

Өсіп келе жатқан жас буынды сырлы табиғатпен, тарихи өлкелермен таныстырып, олардың жан-дүниесіне рухани күш қуат сыйлау мақсатында біздің жорығымыз «Қараман ата» мешітіне саяхаттаумен жалғасты.

Қараман ата жер асты мешіті — XII—XVII ғасырларға жататын діни сәулеттің бірі. Жер асты мешіті үш бөлмеден тұрады: кіреберіс бөлме, оған жалғасқан намаз оқитын зал және Қараман ата жерленген дөңгелек бөлме. Оның аумағы 4,02 га жерді қамтиды. Мешіттің ерекшелігі — жердің астында орналасуы.

Қараман ата қорымы Маңғыстау ауданы Шетпе кентінен 35 км қашықтықта, Бекі елді мекенінің батыс жағындағы Қандыбас қырқасына таяу, Қандыбас қыстағының батысынан 5 км жерде орналасқан.

Жер асты мешіті мен қорым 1982 жылы республикалық дәрежеде мемлекеттік

қорғауға алынған. Бұл жорық біздің дүниетанымымызды кеңейтіп, білімімізді толықтырды.

Адамзат табиғаттың бір бөлігі екенін ескерсек, онда болашақ ұрпағымызды табиғатпен үндестіріп таныстыру басты міндетіміз. Көрікті жерлерге, тарихи мұражайларға, ашық табиғатқа саяхаттай отырып, балалардың бойына табиғатқа, Отанға деген сенімділікті ұялата аламыз.

Осындай межелі мақсаттың жалауын желбіретте отырып, біз «Ыбықты» сайына да келіп жеттік. Аты да, заты да таңсық қандай жер екен деген оймен қалай жеткенімізді де аңғармаппыз.

Маңғыстаудың табиғатына құмарлана, қызыға қарасаң да, көз тойдырмас ғажап сұлулығымен таңдай қақтырады. «Ыбықты» сайының атауын естімеген біздерге бұл сайдың не себепті «ыбықты» аталуы қызықтырды. Ғаламтор желісінің деректеріне сүйенсек, «ыбық» сөзі көне түркі сөзі, Махмуд Қашқари сөздігінде «тауешкі» деген мағынада жұмсалған екен. Бұл маңда тауешкілер мекен еткен болу керек. Соған байланыстырылып «ыбық» деп аталып кеткен дейді. Енді бірде «ыбық» деген түрікмен тайпасы болған дейді. Сол түрікмендер осы жерді мекендесе керек. Бұл- болжамды мәлімет.

«Ыбықты» сайының іші сап-салқын, тап-таза, тып-тыныш. Қабырғалары хас шебердің қолымен ойылып бедерленген тастағы бейнелер. Табиғаттың адамзатқа берген тартуын тамашалап, бір сәт өзіңді тыныштықта тербелгендей күй кешеді екенсің. Бұл тамашаларды сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес.

Біз мақсат еткен сапарымыздың мәресін «Ыбықты» сайының жерімен тоқтаттық. Бұл қайта келмейміз деген сөз емес. Керісінше, сіздерді, барша қазақстандықтарды Маңғыстаудың осындай керемет жерлерін тамашалауға шақырамыз. Жолдарыңыз түсіп, саяхатқа шықсаңыздар, осы сайға аяңдап кетуге шақырамыз. Мұнымен саяхатымыз аяқталмайды, бойларында жері мен елі үшін ықыласы ауып тұрған жан саяхатымызды одан әрі жалғап кетері сөзсіз.

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.